

ИЗВЕСТИЯ ВУЗОВ КЫРГЫЗСТАНА, № 3, 2021

*Гаура Сабихан кызы*КАЗАК-МОНГОЛ ТИЛДЕРИНДЕГИ ТУРУКТУУ ТҮЮНТМАЛАР
ЖАНА АЛАРДЫН ЛОГИКАЛЫК БАЙЛАНЫШТАРЫ*Гаура Сабихан кызы*УСТОЙЧИВЫЕ ВЫРАЖЕНИЯ В КАЗАХСКО-МОНГОЛЬСКИХ
ЯЗЫКАХ И ИХ ЛОГИЧЕСКИЕ СВЯЗИ*Гаура Сабихан кызы*КАЗАК-МОНГОЛ ТИЛДЕРИНДЕГІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕР
ЖӘНЕ ОЛАРДАҒЫ ЛОГИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС*Gaura Sabihan kyzы*STABLE EXPRESSIONS IN KAZAKH-MONGOLIAN LANGUAGES
AND THEIR LOGICAL CONNECTIONS

УДК: 82-06

Казак эли оозеки элдик адабиятка жана салттарга бай. Көчмөн жашоо менен байланыштуу маданият оозеки муундан муунга көчүрүлүп, макал-лакаптар, учкул сөздөр менен туюнтулат. Дайыма билдирип турган ыкма түздөн-түз анын конкреттүү маанисине байланыштуу аталган эмес, себеби бул аты жашыруун, анткени, анын мааниси, акыл абалы улуттун маданиятынын абалы менен аныкталат. Ар башка жолдор менен тилди аныктоочу мамиле, тилдин туруктуулугун аныктоочу дайыма сөздөр тил бирдиктеринин маанисине ачкычы болуп саналат. Үзгүлтүксүз сөз айкашы тилдин бир аты болуп саналат, ал эми түздөн-түз аты эмес, жашыруун мааниси бар. Ошондуктан келгиле, теңдемелер ыкмасы менен түзүлгөн дайыма туюнтма бир нерсени, кырдаалды, изгиликтен кантип аныктаганын карап көрөлү, ал эми ар кандай аталыштагы аталыш жүрүм-турумду, маанайдын өзгөрүшүн билдирет.

Негизги сөздөр: сөз айкашы, монгол, казах, эл, сезим, баалоо, эстүү, ыңгайлуу, тынч, туруктуу.

Сыпайы, парасатты мінез моңгол, казах тилиндегі тұрақты сөз тіркестерінде қалай көрсетілгені және қандай мағына беретіндігі туралы. Тұрақты сөз тіркес жасалған әдіс, білдіретін мағынасының ерекшелігімен тура аталмайтын атаулар болатындықтан мағынасы жасырын және де әңгімелеушінің бет пердесі, көңіл-күйінің жағдайы сол ұлттың мәдениеті тілінің тұрақты қалпының белгісі болған мағына айқындалады. Тілден басқа зат құбылыс, қасиеттің іс-әрекетін тілдің басқа тәсілімен белгілейтін амал тәсіл, заңдылығын анықтайтын тұрақты сөз тіркесі тіл бірліктерінің мағынасының негізін шешуші болып табылады. Тұрақты сөз тіркес-тілдің атаулырының бірі болса да тура атау емес, жасырын мағынасы болады. Демек теңеу тәсілімен жасалған тұрақты сөз тіркес құбылыс, іс жағдай, қасиетті анықтап атаумен бірге осы көп атаулардан мінез-құлық, көңіл-күйдің тербелісінің мағынасын қалай білдіретінін алып көрсек; Мысалы: “дөлгөөн, алғуур, тайван, намуун, тоғтуун, эелдэг, зохистой, нийлэмжэ-тэй, аядуу, аажим, удаан - бірлігіл, жайбарақат, баяу, жай десе” жай атау болады, “сұх далайтал, үхэр амар - балта сілтеседі, сыыр сабырлы” мағынасын ауыстырған атау болып табылады.

Түйінді сөздер: сөз тіркесі, моңгол, казах, ұлт, санасы, парасатты, жайлы, сабырлы, тұрақты.

Казахский народ богат устной народной литературой и традицией. Так как связано с кочевым образом жизни культура переносится с поколения в поколение устным и выражается в речи с пословицами, поговорками и крылатыми словами, фразеологизмами. Метод регулярных выражений - это значение, которое скрыто, потому что это имя, которое напрямую не названо из-за его конкретного значения, и лицо рассказчика, состояние ума определяется значением состояния культуры нация. Подход, который определяет язык по-другому, регулярное выражение, определяющее регулярность языка, является ключом к значению языковых единиц. Хотя регулярное выражение является одним из названий языка, оно имеет скрытый смысл, а не прямое имя. Поэтому давайте посмотрим, как регулярное выражение, сформированное методом уравнений, определяет явление, ситуацию, добродетель, а из этого множества имен означает поведение, перепады настроения.

Ключевые слова: выражение, монгол, казах, нация, сознание, оценка, разумный, удобный, спокойный, стабильный.

The method of regular expressions is a meaning that is hidden because it is a name that is not directly named due to its specific meaning, and the face of the narrator, the state of mind is a sign of the stability of the language of culture of that nation. The approach that defines the language in a different way, the regular expression that determines the regularity of the language is the key to the meaning of language units. Although a regular expression is one of the names of a language, it has a hidden meaning, not a direct name. Therefore, let's take a look at how the regular expression, formed by the method of equations, defines a phenomenon, a situation, a virtue, and from these many names means the behavior, mood swings; For example: “gentle, slow, calm, calm, calm, polite, decent, cohesive, gentle, slow, slow-moving, calm, slow, slow” is a simple name, “Is a name that has changed its meaning.

Key words: expression, mongol, kazakh, nation, consciousness, evaluation, reasonable, comfortable, calm, stable.

Қай ұлт болса да өз таным-түсінігін тіл арқылы жеткізеді. Тілдің материалы – сөз. Сөз зат, құбылыс жайындағы ұғымның атауы. Атаудың қоғамдық өмірде телінген мағынасы болады. Мағына – ұғымды білдіретін таңба (белгі). Сөздің бастапқы білдіретін

ұғымы тура мағына, ал өзге сөздермен қарым-қатынасқа түскенде білдіретін мағынасы ауыспалы мағына делінеді. Сөздің ауыспалы мағыналарының бірі метафоралық мағына.

Сөздің метафоралық мағынасын айқындауда пайым, тұрақтылық қасиет (сөз тұтастығы) астарлы мағынасы, салыстырмалы өлшем тәрізді тілдік бірліктерді есте ұстанған жөн. Пайым – зат құбылысты, кимыл әрекетті, сын-сапаны, жақсы-жаман, сараң - жомарт, қуану-ренжу т.б секілді қарама қарсы ұғымда қарастырылатындықтан танымның бір көрсеткіші болып табылады.

Салыстырмалы өлшем, яғни этолон – сол ұлттың өмір сүріп келген жерінің географиялық ортасы табиғат жағдайы, ондағы өсетін өсімдіктер мен ру, тайпа, ұлт-ұлыстардың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген мұралары, әдет-ғұрып, мәдениеті, наным-сенімі, тіпті олардың қадірлеп қастерлейтін немесе жек көрініш, наразылығын тудыратын барша ұғымдарды бірлікте алып қарастырады. Сондықтан метафоралық зерттеулерде осының барлығын назарда ұстау қажет.

Қазіргі тіл білімінде зерттеушілер метафораны адам баласының ойлау жүйесіне қатысты басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста алып қарастырып келеді. Атап айтсақ психология, логика, қоғамтану, мәдениеттану т.б.

Тұрақты сөз тіркес жасалған әдіс, білдіретін мағынасының ерекшелігімен тура аталмайтын атаулар болатындықтан мағынасы жасырын және де әңгімелеушінің бет пердесі, көңіл-күйінің жағдайы сол ұлттың мәдениеті тілінің тұрақты қалпының белгісі болған мағына айқындалады.

Тілден басқа зат құбылыс, қасиеттің іс-әрекетін тілдің басқа тәсілімен белгілейтін амал тәсіл, заңдылығын анықтайтын тұрақты сөз тіркесі тіл бірліктерінің мағынасының негізін шешуші болып табылады. Тұрақты сөз тіркес-тілдің атаулығының бірі болса да тура атау емес, жасырын мағынасы болады. Демек теңеу тәсілімен жасалған тұрақты сөз тіркес құбылыс, іс жағдай, қасиетті анықтап атаумен бірге осы көп атаулардан мінез-құлық, көңіл-күйдің тербелісінің мағынасын қалай білдіретінін алып көрсек; Мысалы: “дөлгөөн, алгуур, тайван, намуун, тогтуун, эелдэг, зохистой, нийлэмжтэй, аядуу, аажим, удаан - бірлікшіл, жайбарақат, баяу, жай десе” жай атау болады, “сүх далайтал, үхэр амар - балта сілтеседі, сиыр сабырлы” мағынасын ауыстырған атау болып табылады.

Көркемдігі жағынан алғашқысы жай бейнелеу, кейінгісі бейнелеу тәсілі болады. Адамның іс-әрекет, оның қасиеті адамдық мінез құлқының қалыптасуының бірі жай нәрсе болып табылса екіншісі жай

емес, арнайы болып көрінуі заң. Жай немесе қалыпты нәрселер белгілі ереже қалыпқа бағынатындықтан қандай бір нәрсені бағындыру жағынан артық болады. Сондықтан жанды әлемнің тіршілік ететін негізгі жағдайы болады. Эелдэг-биязы, дөлгөөн-сабырлы, аядуу-байсалды дегеніміз мінез құлқы жақсы адамның мінездемесі, көңіл тербелісін көрсеткен атаулар. Шын мәнінде іс әрекеттің болғанына дейін тыныш болу дегеніміз адам мінез қатынасының үйлесімділігі болады. Сондықтан басқамен тату, жұғымды болса дос жараны көп болып, жұмыс шаруасы тез бітеді деген ойды қысқартып, баламалаған стилмен білдіруі Моңғолдар адамның “ялдам зан” - нәзіктік мінезі жағымды, жайлы жағдай туғызады деп көретініне байланысты.

Сондай-ақ Моңғол тілінде “зөөлөн үгэнд хүн бөхийнө, зүлэг газарт морь хөрвөөнө - жақсы сөз жарым ырыс, жасаң жерге ат аунайды” деген сөз бар бұл жылы жайлы сөз, адамның тетігін табады, сыйластық алады деген сөз. Демек “зан сайтай айлд зочин арвин цугладаг - жайлы үйге қонақ жиі келеді” тұрақты сөз тіркесі адамның жақсы қатынасы оның берегендігі адамды тартады деген мағыналы. Сондықтан жайлы, жайдарлы мінез, кәрі-жас, бай-кедей, бала-шаға қай-қайсысыменде шын ықласпен, нәзіктігімен қатынастын жағымды жайлы, қатынас болып табылады.

Қазақ тілінде сыпайы, әдепті, ибағатты, инабатты, баяу, тынық, жайлы, жайдары, биязы т.б айтылады. Бұлар қазақ ұлтының мінез құлқының жұмсақ, нәзіктігін жағымдылығын білдірген сөздер. Мағынасына қарасақ, сабаз, тыныш мінезді болса басқамен тату, берекелі өмір сүреді және жұмыс шаруа алда, табысты болады деген жайлы жағдайды көрсетеді. Тағы қазақ тілінде “Кең болсаң, кем болмайсың”- “Төлөв хүн даруу, их мөрөн дөлгөөн”, бұл тұрақты сөз тіркес нәзік сабырлы, парасатты деген ұғымды білдіреді.

Тағы қазақ тілінде “Бетегеден биік, жусаннан аласа - Ботуулаас өндөр, агиас намхан”, “Бетегеден аласа, қойдан жуас-Ботуулаас намхан, хониноос номхон” деген сөз тіркесі бар. Бұл сөз тіркесі өте аласа, төмен деген тура мағынасынан басқа сабырлы, сыпайы дегендей жасырын мағына білдіретін тіркестер. “Қой аузынан шөп алмайды - хонины амнаас өвс авахгүй”, “Қойдай жуас - хонь шиг номхон”, “Қойдай қоңыр жылқыдан торы - хонь шиг бор, адуу шиг хээр” деген сөз тіркестері қойдың қоңыр момақандығына теңейді. Демек “Қой болдыға салу- хонь шиг болох” дегені ыбылжыған деген қарсымағына көрсеткен және жалқау, жағымсыз деген мағынаны көрсеткен. Бұл тұрақты сөз тіркесдегі атаулардың мағынасы моңғол қазақ ұлтының жақсы өмір сүретін тіршілік

шартына сәйкеседі., бір-бірін сыйлап қатынасатын бірдей ойлам болып табылады.

Моңғол қазақ тілінің тұрақты сөз тіркес адам өмірінің тіршілік заңдылығына үйлесіп, қалыпты жағдайда бір-бірін сыйлайтын қатынас, ой пікір болып табылады. Басқаша айтқанда қалыпты жағдай реттілік бәрі қарапайым нәрсе болғанымен қайшылықты туындатып болсада байқалмай адамның сезім жүйесіне білініп назарын тартып тұратындықтан кері әсері болады.

Қатыгез, шапшаң, айбарлы, биязы, жұмсақ қатынасқа кері болып табылады. Біз қатыгез, шапшаң, айбарлы, шапшаң мінезді қиын мінезді адам деп оған сондай бір ілтипатпен қатынаспаймыз. Бұл мінездеме кері әсерлі болғандықтан көңіл-күй, ойлау қабілетін өзгертіп көркем мінездің кері әрекеті болып табылады. Мысалы: нәзік, биязы-қатал, айбарлы деген қарсы мағынаны алып көрсек:

Қызғаншақтық, менменшілдік, дүние қоңыздық сияқтылар қатыгез, айбарлы мінезді шығарады. Ашуланып қызаланған адамнан әр түрлі қылықтары. Мысалы: бақыру, айқайлау, шашын жұлу, тырмалау, әрі айтсақ суық қару керектену сияқты әсерлер көрсетуі жай ғана іс емес кері әсерлі жағдай болады. Осы қылықты қауіп төндіретін жануарларға теңеген тұрақты сөз тіркесідері Моңғол, Қазақ сөздік қорында кездеседі. Мысалы: “моғойн шүд-жыланның тісі”, “муурын хумс-мысықтың тырнағы” десе қатыгез қаныпезер арам ойлы, адамды айтады. Жылан адам, малды шағып уландырғанның сыртында адам денесіне суық жағымсыз сезім пайда болдырады. Мысық тырнағы өте өткір, адамның тыныштығын бұзып жиіркенішін туғызады. Бұл моңғол сезімге байланысты моңғол тұрақты сөз тіркесі жасалған.

Моңғол тілінде “қой қасқыр” деген жануарлардың мінезі қалай қарама қарсы тұратынын алып көрсек. Қасқырға балаған тұрақты сөз тіркесінің барлығы кері әсерлі сипатты мағына болады деп ойлауға тағы келмейді. Сондықтан: қой қасқырдың қайсысы жақсы деген сұрауға “қасқыр жаман, қой жақсы” деп кідіргісіз жауап береді. Сөйте тұра, “хөгшин чоно - кәрі қасқыр сияқты” деген атау бар. Бұл өте қулық баспайтын әккі (қу) деген жайлы сипатты білдіреді.

Қазақ тілінің “қасқыр жүрек” тұрақты сөз тіркесі жүректі деген мағынаны білдіруімен бірге жайлы сыйпатты білдірумен қатар мал шаруашылықпен айналысатын моңғолдар үшін бес түлік малдың сыйпатын зерттеп баға береді. Мысалы: “хэвтээ хонь үргээхгүй - номой номхон - жатқан қойды үркітпейді, тыныштықты болдыру, “Хонин морь - Жуас ат”, “хонь болох - жынын алған, сабасына түсіру”, “хони-

ноос номхон, хоормог зөөлхөн-өте момын”. Моңғолдар қойды қимыл қозғалысы баяу, момақан мінезді деп көріп момын мінезді соған теңейді. Сол тұрғыда басқадан көрі қасқыр қойға қарай шабуылдайды оңай болып көрінеді және қарапайым қарағанда қасқыр қойға өш болғандықтан. “Қасқыр қой” сияқты деген тұрақты сөз тіркесі пайда болған. Моңғолдар өзара тарыспайтын үнемі қайшыласып жүретін адамдарды “Бұл екеуі қасқыр мен қой сияқты” деп атайды. Бұл қасқыр үнемі қойға шабуылдайтын жоғарғы ұғымға байланысты. Малшылықтағы адамдардың тұрмыс тіршілігіне сәйкескен тұрақты сөз тіркесі болып табылады.

Қазақ тілінде “қасқырмен қой сияқты” деп айтағыны бір-бірін көрмейтін татуласпайтын жау болып, жамандасып, кек ойлау деген сияқты қатал, айбарлы мінездің тұрақты сөз тіркесі болып табылады.

Қазақ тілінде қойды момақанның өлшемі болғызады. Демек, қасқырды жаман ойлы, қинаушы, қатыгез болғызып жағымсыз сипатты білдіретін эталон болдырса кей жағдайда қайтпайтын, мұқалмайтын, жүректі деп жағымды этилон сипатын анықтайды. Адамда болатын қалыпты мінездер нәзік, сабырлы мінез қарапайымдылық деп көрсетсе қазақ, моңғол тілінде қатыгез, айбарлы мінездерді өзгеше деп көреді. Сондықтан сабырлы, нәзіктікті анықтаған тұрақты сөз тіркесі көп екенін тіл қорынан байқауға болады. Бұл екі тілдеде қой, қасқыр деген тұрақты сөз тіркесіне берілген сипаты бірдей болғаны көшпелі, мәдениетті халықтың басқаратын мал шаруашылығының бірдей ұқсастығына байланысты.

Зертеуші ғалым Ж.Баянсан “Тілде қалыптасқан қандай бір ұғым, түсінікті кейде оның эталоны арқылы жеткізуден басқа амал жоқ. Бұл эталонның атауы сол ұлт иелерінің дүниетанымы, рухани мәдениетімен тікелей байланысты” - деп пайымдайды. Енді біз қызыл түс арқылы бейнеленген кейбір тұрақты сөз тіркестерінің моңғол және қазақ тіліндегі көрінісін алып қарастырайық. Тіліміздегі түр түстің барлығы бір заттың өң реңін анықтаумен қатар, мүлдем түр түске қатысы жоқ ұғымдарды да білдіреді. Адамның ішкі жан дүниесінің көрінісі яғни ұялу, имену, ашулану, долдану, жек көру, жактырмау т.б сезімдер бет әлпеттің өзгеруінен, құбылуынан анық байқалады. Қызыл түс арқылы бейнеленетін осы ұғымдар моңғол, қазақ ұлтының ойлауы мен пайымдауында қалай орын алғандығына назар салайық.

Мысалы: Моңғолдар жақсы таныс немесе араласып құраласып жүрген адамы өтініш білдірсе, бірақ оған іштей наразы бола тұра амалсыздан оны орындауға мәжбүр болса “улаан нүүр хэцүү” деген тіркес-

пен жеткізеді. Бұл тіркес қазақ тіліне сөзбе-сөз “қызыл бет қиын” деп аударылады. Ал мағынасына сәл кеңірек тоқталсақ, сөз тіркесінің астары ашыла түседі. Біздің қазақ ұлтында “бет көрсе жүз ұялады” деген ұлағатты сөз бар. Жоғарыдағы моңғолша сөз тіркесіндегі айтылайын деген ой дәл осыны білдіреді. Бұдан басқа оларда “мөнгө цагаан, нүд улаан” деген сөз бар. Сөзбе-сөз аудармасы “ақша ақ, көз қызыл”. Мұнда ар ұяттан безу, адамгершілікті ұмыту, не істеуден де тайынбау деген ұғым қамтылған. Ал қазақ халқының “алтын көрсе періште жолдан таяр” деген сөзі дәл осы мағынада айтылған десек қателеспейміз. Яғни қазақ тілінің “аш көздену, қызыл көздену” деген тіркесіне сай келеді.

Ал “улаан нүүрээрээ учрах” (бетпе-бет жүздесу) тура сөзбе-сөз аударсақ қызыл бетімен кездесу. “Улаан нүүрэн дээр нь улайтал хэлэх” (беті қызарғанша айту) сөзбе-сөз аудармасы “қызыл бетіне қызарғанша айту” деген мағынаға келеді. Бұл тіркестердің құрамындағы қызыл сөзі негізгі тура мағынасымен байланысты туған деуге болады. Өйткені адамның өзіне не туралы ойлағанын бетпе-бет, жүзбе-жүз айтқанда, сол адамның беті қызарып, қысылғаннан өң әлпеті өзгеретіні баршамызға белгілі. Бұдан басқа моңғол жұртының ойлау пайымдауында “қызыл” деген ерекше қайрат, күш, шамадан тыс ызакор, баса көктеу тәрізді мағыналарда да жұмсалады. Мәселен: “Улаан гараараа үзэх” (қолма-қол көрісу) сөзбе-сөз аудармасы “қызыл қолмен көру” яғни ешбір қарусыз, тура жалаңаш қолмен соғысу деген мағынада жұмсалады. Ал мұны біздің бабаларымыз “Жалаңаш бар да, жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің”, - деп өрнектейді. Сондай-ақ “улаан зээрд болох” (қызара бөрту, қызыл шикандай болу) “улаан цайн гүжирдэх” (ұялмай-қызармай қаралау), “улаан цайн дайрах” (бет жүзіне қарамау, баса көктеу) секілді тіркестер шамадан тыс артық,орынсыз деген ұғымдардың орнына қолданылады.

Мысалы “қызара бөрту” деген тұрақты сөз тіркесі жайлы зерттеуші ғалым Г.Аким біршама қызу, масаң деген мағыналарымен байланыстыра түсіндіріп мынадай мысал келтіреді. “Той алаңында қыз-қырқын айналдырып, арақ ішу үшін келген бұзақы жігіттер қызара бөрттіп, жиналған топтың ортасын бұзып-жарып өтіп, боғауыз сөздер айтып, қамшысының жуандығын көрсетіп мақтанады”. Осы сөйлемдегі “қызара бөрту” тіркесі арқылы моңғол жұртының үлкенді сыйлау әдебін ескермей әдепсіздік көрсеткен масаң жігіттердің жағымсыз, іс-әрекеттерін жақтырмаған пайымдауын жеткізеді. Моңғолша-қазақша сөздікте “зээрд” сөзін “қызарған, қызыл шырайланған” деп тәржімалаған. Зерттеуші ғалым Баянсан

“кейбір тіркестердің мағынасы белгілі бір діни салтпен немесе аңыздармен байланысты болып саналады” – деп пайымдайды. Моңғол, қазақ жұрты бағзы заманнан бері табиғатпен етене байланыста өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысып келгендіктен, тілдегі көптеген тұрақты тіркестер бес түлік малға байланысты туған. Мысалы: “амыг нь тэмээ тийрэх” аузына түйе тебу (ештеңеге шамасы келмеу, сөйлемей), “морийг нь эмээллэх” (атқа мінгізу немесе ағаш атқа мінгізу, (бөстіру, бөждіру)) “яргуй хөөсөн ямаа шиг” (көк қуалаған ешкідей (тұрақсыз)), “хэвтээ хонь үргэхгүй” (қойдан қоңыр (жуас)), “дөргүй бух шиг” (құтырған бұқадай (өзінен басқаға бой бермейтін қырсық)), “өрөөлтэй морь гүйцэхээ байх” (өрелі атқа жете алмайтын, кәрі қойдың жасындай (қартайып халі кету)), “эмнэг адуу” (асау аттай) т.б

Зерттеуші ғалым Ж. Баянсан “Моңғол жұрты табындағы малының бір түстес болуын айрықша ырымдайды. Оның дәлелі “өсер малдың өңі бар, өсер үйдің салты бар” деген мақал бар, – дейді. Малшы қауымның мал түлігінің тегін, қазіргі ғылыми тілмен айтқанда, генофондын сақтау үшін, ата малдың өң түсін бірдей етіп қою арқылы таңдаулы табынды қалыптастыру мәдениеті жағымды, ал ала шұбар, аралас табынның жағымсыз ұғым тудырушы паймның себебі болуы, біздің зерттеп отырған мәселеміздің бір дәлелі деуге болады. Моңғолдар қызыл түсті өсу, өркендеу, көбею белгісі деп түсінетіндіктен ата малды қызыл (күрең) түстен (күрең бура, айғыр, қошқар, теке) қойып, көк түсті ата малды сөтерлейді. Ал қазақ халқы қара түсті малды сөтерлейді, бөтен адамға сыйламайды. Осы сияқты тіршілік тынысынан туған мәдениетке сәйкес моңғолдар мал түлігінің қызыл (күрең), көк түсті болуын құптап, ала түстерді алабажақ, құрама деп онша жақтырмаған.

Туып өскен жерінің табиғат құбылыстары, олардың өз ара байланысы, тіршілігінің көзі болған бес түлік малынан бастап сол жерді мекен еткен аң-құс, құрт-құмырсқаға дейін сан алуан жан-жануардың мінез құлықтарымен қадір қасиеттері жайлы атаулар ұлттың мінезін, ойлау жүйесін айшықтайды. Бір сөзбен айтқанда моңғол, қазақ халықтарының ғасырлар бойы жалғасын тапқан рухани құндылықтарын танытатын атаулар ең әуелі сол халықтардың өздері танып біліп, ой санасында қалыптастырған таным түсінігінің мазмұны немесе ұлттық өлшемі болып табылады.

Мысалы: Қазақ тілінің “қызылына тойды” деген тұрақты тіркесі моңғолша “қызыл-улаан”, “тойды-цахдах”, “улаан да цадах” деп аударылып, тіркес құрамындағы сөздердің бастапқы мағынасы жойылып, қазақтардың құсты қолға үйретіп, аңға салатын

дәстүрмен байланысты жаңа ұғымға ие болған. Қазақтар бүркіттің балапанын жазда қолға ұстап, тойындырып, қауырсынын түлетеді. Қыс таяған сайын аз-аздап жаратып, алдымен суыр, қоян секілді семіз етпен, одан кейін қойдың сөлсіз еттері, өкпе, ақыр соңында суға салып әбден қанын тазартқан қой етін (ақ жем) беріп, жақсылап жаратып баптайды. Бабы келіскен жүректі бүркіт түлкі, қасқыр ұстап қана қоймай ілбіске де түседі. Ет те, өкпе де қызыл түсті болғандықтан оны көріп, оған алыстан ұшып келіп дағдыланған бүркіт түлкіге түседі. Сол себепті қазақ халқы қызыл түсті батыл, өжет, қайратты, қиындықты қиналмай жеңетін мықтылық сияқты ұғымдардың эталоны ретінде таныған. Осылайша, моңғол қазақ тілдерінің тұрақты тіркестері олардың ойлау қабілетінің негізі болған тұрмыс тіршілігінің, ерекше салт дәстүрінің пайымын анықтап, олардың өздері жақсы білетін салттарын мағынасына қарай түсіндіреді. Алайда, моңғол тілінің “бүркіттің тұмсығындай, қоянның жүрегіндей” (бүргэдийн хошуутай бөжингийн зүрхтэй) тіркесінің мағынасы қандай бір істі жасағанда бүркіттей жүректі болғанымен, қояндай қорқақ дегенді білдіреді. Бүркітті батылдың, көжекті (қоянды) қорқақтың эталоны болғызу моңғолдардың ерте заманда (күс бегілік) деп аталатын аңшылықпен айналысып, бүркітті қолға үйретіп, онымен қоян, түлкі, қасқыр аулаған аңшылық мәдениетінің бір көрінісі.

Тұрақты сөз тіркестері сол ұлттың ойлау жүйесін, таным-түсінігін, мәдениетін, жалпы жаратылыс болмысын айқындайтынын сөз басында айттық. Моңғол тіліндегі “улаан нүдтэй” “қызыл көзді”, “мөнгө цагаан, нүд улаан” “ақша ақ, көз қызыл” яғни, “ақша көрсе періште жолдан таяды”, “улаан чулуу бол мах, цагаан чулуу бол өөх” “қызыл тас ет, ақ тас май”

деген тұрақты тіркестері арқылы аш көз мінезді, сонымен қатар адам тілімен күнәға бататынын ұқтырады. Осынау моңғол халқының ойлау ерекшелігі қазақ тілінің “қызыл көз”, “қызыл көрген қарғадай” дейтін тұрақты тіркесімен бірдей мағынаны білдіреді. Сондықтан “улаан” – “қызыл” деген сөздің негізі мағынасы басқаша ауыспалы мағынаға ие болып, сол халықтың тұрақты тіркесінде дүниеқоңыз, аш көз ештеңеге көзі тоймайтын мінез құлықтың эталонына айналған тұрақты тіркестің құрамына кірген. Біз бұл тұрақты сөз тіркестері арқылы моңғол және қазақ халқының пайымдауы екі ұлтта да ұқсас екенін салыстырдық. Сонымен қатар тұрмыс-тіршілігі мен кәсібі және мекен еткен аумағы ұқсас ұлттардың ойлау жүйесі мен сөйлеу ерекшелігі де бір-біріне екендігін болжауға болады. Ойдың көрінісі сөз дейтін болсақ. Біз бұл жерде сөз арқылы, тіл арқылы көптеген ерекшеліктер мен ұқсастықтарды айқындап байқай аламыз.

Әдебиеттер:

1. Аким Г. Монгол өвөрмөц хэлцийн товч тайлбар толь. УБ., 1982.
2. Бадамдорж Д. Монгол хэлний утга судлал. Үгийн сангийн утга зүй. Дэд дэвтэр УБ., 2001.
3. Баянсан Ж. Соёл, Хэл, Үндэстний сэтгэлгээ УБ., 2002.
4. Мягмар О. Сэтгэл судлал УБ., 2008.
5. Исмет К. Фразеологиялық сөздік Алматы., 2007.
6. Ням-Осор Н. Монгол хэлний зүйр цэцэн үгийн товч тайлбар толь УБ., 2011
7. Баярсайхан Б. Монгол хэлний хураангуй тайлбар толь УБ., 2009
8. Жанұзақ Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Алматы., 2008.
9. Атаханов Ш.Т. Схожие языки, схожие духовности. Известия ВУЗов Кыргызстана. 2015. №. 6. С. 29-31